

Жазира Көкбас,

М.Қозыбаев атындағы СҚУ-ДІҢ “Абайтану”
ғылыми- зерттеу орталығының ғылыми қызметкері

Абайдың сөзі - ұлтымыздың темірқазығы

Жастарды Абайтану ғылымына барынша қызықтыру мақсатында орталық құнды кітаптармен, смарт суреттермен толықтырылуда. Алты Алашқа ғана емес, адамзатқа ортақ ойшыл, Абай хакімді өз деңгейінде ұлықтау біздің бұлжымас парызымыз. Мұны Президент Қасым-Жомарт Тоқаев “Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан” атты мақаласында айрықша атап өткен болатын. Бағдарламалық мақалада айтылғандай, ақын мұралары ел ішінде ғана емес, шет мемлекеттерде де кеңінен насихатталуда.

ХІХ ғасыр қазақ даласына философ, ақын, аудармашы Абай Құнанбайұлы, қоңыраудың сылдырын алғаш естірткен ағартушы, педагог, ақын, гуманист Ыбырай Алтынсарин, белгілі саяхатшы, этнограф-ғалым Шоқан Уәлиханов сияқты ұлы тұлғаларды тарту етті. Кең даланы әнімен әлдилеген сал-серілерді сыйлады. Кеңестік жүйенің қылышынан қан тамған замандағы қазақтың маңдайына біткен шоқ жұлдыздары дарқан даланың төсінде мал бағып, бейқам өмір сүріп жатқан момын ұлтымыздың басқа біреуге жем болып кетпеуі жолында шыбын жандарын шүберекке түйе жүріп, еңбек етті. Соның ішінде қалың елі қазағының қамы үшін, мыңмен жалғыз алысқан Абай атамыздың орны бөлек. Абай Құнанбайұлының шығармашылығын оқып, бағамдаған сайын оның әлеміне еніп, ақынның әр сөзін жүрегіміздің түбіне терең бойлата алсақ ғанибет қой.

ХХІ ғасырдың жастарын Абай әлемімен әлдилеу үшін талай тер төгіп, еңбек ету керек. Осы бағытта жүйелі жоспарларды жүзеге асыру үшін Абай Құнанбаевтың 175 жылдығы аясында өткен жылдың соңында Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің “Рухани жаңғыру” әлеуметтік-гуманитарлық зерттеулер институты жанынан “Абайтану” ғылыми- зерттеу орталығы ашылған болатын. Абай мұрасын жан-жақты таныту, пәнаралық зерттеулер жүргізу, монографиялар, ғылыми жинақтар, оқу-әдістемелік және жаңа технологияға негізделген оқу құралдарын әзірлеуді жүзеге асыру орталықтың басты мақ- саты болып табылады. Сонымен қатар орталық Абай мұрасы және қазақ қоғамы аясында ұлттың әдебиеті мен тарихын, рухани- мәдени мұраларын, ақыл-ой тұ- жырымдамаларды отандық, түркілік, әлемдік санатта зерделеуді мақсат етіп отыр. Абайтануға қатысты сан қырлы аспектілерге зерттеулер ұйымдастыру, ақын тұлғасы мен мұрасын жаңа қырынан танытып, әлемдік кеңістікке таныстыру да мамандардың көздеп отырған жоспарларының бір парасы.

Жастарды Абайтану ғылымына барынша қызықтыру мақсатында орталық құнды кітаптармен, смарт суреттермен толықтырылуда. Алты Алашқа ғана емес, адамзатқа ортақ ойшыл, Абай хакімді өз деңгейінде ұлықтау біздің бұлжымас парызымыз. Мұны Президент Қасым-Жомарт Тоқаев “Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан” атты мақаласында айрықша атап өткен болатын. Бағдарламалық мақалада айтылғандай, ақын мұралары ел ішінде ғана емес, шет мемлекеттерде де кеңінен насихатталуда.

Абай халықты бақытты болашаққа бастар жолды іздеді. Жастардың бойындағы кеселді кемістіктерді, арсыздық пен ұятсыздықты, дөрекі надандықты тәрбие және білім беру арқылы жоюға үндеді. Қазақ балаларын оқытатын мектептерді көптеп салуды жақтады. Данышпанның: “Балаларды ата-аналарынан алып, мектепке беру керек, олардың біразын мамандықтың бір түрін, біразын басқа мамандықтарды игеруге бағыттау керек”, - деген сөзі бүгінгі күнге дейін өзекті болып отыр. Бұл орайда, Абай өлеңдері арқылы қазақстандық қоғамдық сананы рухани жаңғырту “Абайтану” ғылыми-зерттеу орталығының алға қойған басты бағыты екенін айтқан жөн.

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың “Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру” атты мазмұнды мақаласында ұлттық сананы сақтау туралы әсерлі сөз айтылды. Бүгінде ұлттық

сананы сақтау және оны заман талабына бейімдеу мемлекеттік маңызы бар мәселеге айналды. Өйткені, сананы жаңғырту арқылы ХХІ ғасырда еліміздің тың серпінмен дамуына жол ашамыз. Бұл бағытта Абай мұрасының тигізер пайдасы зор. Ұлы ақынның шығармалары бүгін де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Абайдың ой-тұжырымдары баршамызға қашанда рухани азық бола алады.

Дана да, дара ақынның тағылымды туындылары Қазақстанның рухани жаңғыруының бірден - бір мотиваторы. Абай өзінің қарасөздерін афоризмдермен және халықтық мақал-мәтелдермен қаныққан, қолжетімді бейнелі формада жазған. Өлеңдері, әндері, қарасөздері - қазақстандықтардың эстетикалық талғамын жоғарылатып, ой-өресінің өсуіне, өмірді қабылдау философиясына, дүниетанымына оң әсерін тигізеді. Біз университет студенттеріне, әсіресе, болашақ қазақ тілі мен әдебиеті пәндері мұғалімдерінің, журналистердің бойларына Абайдың ұлылығы мен даналығын сіңіріп, шығармашылығын насихаттаудың негізгі принциптерін көрсетіп келеміз.

Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев "...Абайдан артық, Абайдан ұлы, Абайдан киелі ұғым болмауға тиіс... Абай әлемі біздің жеті түнде адастырмас Темірқазық іспетті", - деген сөздері әрбір Қазақстан азаматының туы болып желбіреуі керек. Сонда ғана ұлы ақынның шығармаларын насихаттап, оған деген құрмет арта түседі.

// Қызылжар нұры.- 2021.- 12 ақпан.